ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА

CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS

ҒТАХР 10.77.41 **10.51889/2959-6181.2025.80.2.008**
ӘОЖ 343.265

Р.Б.Байзакова[1], *А.Р.Бижанова*[2], *Ж.Жайлау*[3*]
[1]*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті*
[2]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
[3] *Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті*
*(e-mail: rau.b.777@mail.ru, Aike_74@mail.ru, *zhan1831@bk.ru)*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖӨНІНДЕ

Аңдатпа

Қылмыстық жауаптылықтан босату институты әруақытта қылмыстық құқықтық доктрина мен практикадағы өзекті және маңызды мәселелердің бірі болып келген.

Сот практикасында қылмыскердің кінәсі анықталады және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы (өзге де ықпал ету шаралары) тағайындалады. Бірақ бұл тағайындалған шара қаншалықты тиімді болады деген сұраққа жауап - бұл жеке сұрақ. Қылмыстық заңнаманың түпкі мақсатына жету маңызды десек те, күні бүгінге дейін ғылымда қылмыстық жауаптылық және қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымдарына қатысты бірыңғай түсінік жоқ. Бұл қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі норманы құқық қолдану тәжірибесінде жүзеге асыруда қайшылықтарды жиі тудырады.

Мақалада қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының қылмыстық құқықтағы орны қаралады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық мәжбүрлеуді шектеу және жұмсарту үрдісін көрсетеді. Бұл ретте қылмыстық жазадан босатуды тек жеке тұлғаның ерекшеліктерін мұқият зерттегеннен кейін, оның түзелуге мүмкіндігі болса ғана және әрбір нақты жағдайда қолдануы тиіс. Қылмыстық жауапкершіліктен босату жазаны орындаудан ғана емес, сонымен қатар жазалау шарасын тағайындаудан да босату дегенді білдіреді. Авторлар субъектінің қылмыстық іс-әрекет жасағаннан кейінгі *оң мінез-құлқын бақылай отырып, оның қоғамға қауіптілігін жоғалтқандығына көз жеткізу* қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпыға ортақ шарты болғаны дұрыс деген тұжырымға келеді.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстық жауапкершілік, дифференциация, қылмыстық жаза, жауаптылықтан босату, баламалы ықпал ету шаралары.

Р.Б.Байзакова [1], А.Р. Бижанова [2], Ж. Жайлау[3],
[1]Казахский агротехнический исследовательский университета им. С.Сейфуллина
[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
[3]Алматинский гуманитарно-экономический университет
(e-mail: rau.b.777@mail.ru, Aike_74@mail.ru, zhan1831@bk.ru)

О ПРАВОВОЙ ПРИРОДЕ ИНСТИТУТА ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Аннотация

Статья посвящена актуальным вопросам института освобождения от уголовной ответственности и применения альтернативных мер воздействия на лиц, совершивших уголовные правонарушения, в современной уголовно-правовой доктрине и практике.

В судебной практике выявляется виновность преступника и назначается мера уголовно-правового воздействия (иные меры воздействия). Но ответ на вопрос, насколько эффективной будет эта назначенная мера, - отдельный вопрос. Несмотря на то, что достижение конечной цели уголовного права имеет важное значение, в науке сегодня не сформировано единое понятие уголовной ответственности и освобождение от уголовной ответственности. Это вызывает много споров в правоприменительной практике в ходе реализации нормы по освобождению от уголовной ответственности.

Освобождение от уголовной отвественности свидетельствует о тенденции к ограничению и смягчению уголовного принуждения. при этом, все виды освобождения от уголовной ответственности должны применяться в каждом конкретном случае индивидуально, с учетом личностных качеств виновного и возможности его исправления без применения наказания. Важно отметить, что освобождение от уголовной ответственности означает не только освобождение от исполнения наказания, но и от назначения меры наказания в целом.

Авторы полагают, что общим условием освобождения от уголовной ответственности должно быть убеждение, что субъект после совершения преступного деяния утратил общественную опасность, требующую контроля за его позитивным поведением.

Ключевые слова: преступление, уголовная ответственность, дифференциация, уголовное наказание, освобождения от ответственности, иные меры уголовно-правового воздействия.

R.B.Baizakova[1], A.R. Bizhanova[2], Zh. Zhailau[3]
[1]Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University
[3]Almaty Humanitarian and Economic University
(e-mail: rau.b.777@mail.ru, Aike_74@mail.ru, zhan1831@bk.ru)

ON THE LEGAL NATURE OF THE INSTITUTION OF EXEMPTION FROM CRIMINAL LIABILITY

Abstract

The article is devoted to the actual problems of the institution of exemption from criminal liability and the application of alternative measures of influence on persons who have committed criminal offenses in modern criminal law doctrine and practice.

In judicial practice, the guilt of the offender is determined and a measure of Criminal Law influence (other measures of influence) is prescribed. But the answer to the question of how effective this prescribed measure will be is a separate question. Despite the great importance of achieving the ultimate goal of criminal law, today science has not developed a single concept of criminal liability and exemption from criminal liability. This causes many disputes in law enforcement practice in the process of implementing the norm of exemption from criminal liability.

Exemption from criminal liability reflects a tendency to limit and mitigate criminal coercion. at the same time, all types of exemption from criminal liability should be applied individually in each specific case, taking into account the personal qualities of the culprit and the possibility of correcting it without applying punishment. It should be noted that exemption from criminal liability implies not only exemption from the execution of punishment, but also the imposition of a general punishment.

The authors believe that ensuring the loss of the subject's public danger due to his positive behavior after committing a criminal act is a generally accepted condition for exemption from criminal liability.

Key words: crime, criminal liability, differentiation, criminal punishment, exemption from liability, other measures of criminal legal influence.

Кіріспе

Жаза мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде анықталып, сот үкімімен тағайындалады. Жаза кінәлі тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу түрінде жүзеге асырылады. Жазаның негізгі мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған тұлғаны түзету және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу ретінде қылмыскерге де, қоғамдағы басқа адамдарға да қатысты. Жаза физикалық азаптау немесе адамдық қадір-қасиетті төмендетуді мақсат етпейді.

Бұл анықтама заң шығарушының «жаза» сөзінен бас тартып, оны «мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы» ретінде қабылдануына негіз болған. Себебі мәжбүрлеу болмаса, қылмыстық құқық өзінің негізгі қызметін орындау қабілетін жоғалтуы мүмкін еді.

Дегенмен, қазіргі уақытта қоғамның демократиялануы мен қылмыстық саясаттағы либерализацияның арқасында қылмыс жасаған тұлғаларға қылмыстық құқықтық ықпал ету тиімділігін арттыру үшін тек жаза қолданумен шектелмей, қылмыстық заңнаманың ынталандырушы нормаларын пайдалану арқылы жаңа тәсілдер іздеу қажеттілігі туындайды. Бұл нормалар қылмыс жасаған адамдарға ғана емес, жалпы азаматтарға да профилактикалық әсер етуі мүмкін.

Қазақстанда бұл мәселе өте өзекті болып табылады, себебі соңғы уақытта елде түрмедегі халық санының тұрақты өсуі теріс үрдіс ретінде байқалған. Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәліметтері бойынша 1,5 миллионнан астам адам түзету мекемелерінде болған. Осыған байланысты Қазақстан Үкіметі колониядағы жазасын өтеген адамдардың санын азайту міндетін қойған және бұл мәселеде белгілі бір прогреске қол жеткізді. Аталған бағытты одан әрі жалғастыру керек, сонымен қатар қылмыстық заңнаманы кеңінен қолдану арқылы қылмыс жасаған ісіне өкінетін, заңға бағынып өмір сүруге ұмтылатын және өмірін өзгертуге ниетті адамдарды қоғамнан оқшауламауға назар аудару қажет.

Қауіпсіздік мекемелеріне орналастырудың аясын қысқарту және жазаның баламалы шараларын кеңейту туралы шешім қабылдағанда, бас бостандығынан айыру орындарына ұстаудың теріс жақтарын ескеру маңызды. Әдетте, бұл мекемеде ұстаудың жалпы әсері көбінесе жазаның мақсаттарына жету мүмкіндігіне күмән туғызады. Осы мәселеге қатысты ресейлік ғалым Г.Ф. Хохрякованың келесідей пікірі бар: «Сотталушыны қоғамнан оқшаулай отырып, қайта тәрбиелеу мүмкін емес. Мемлекет адамды қоғамға бейімдейміз дей тұра, оны қоғамнан алшақтатады; пайдалы, әрі белсенді мінез-құлыққа дағдыландырмақ болып, оны тек ережелермен шектелген ортада ұстайды, сотталушыны белсенділігінен айырады; зиянды әдеттерді пайдалыға бағыттаймыз деп өзі тектес жандардың ортасында ұстайды, яғни аталған шаралар сотталушыға керісінше ықпал етуге алып келеді» [1].

Қылмыстық құқықтағы ынталандырушы нормалар мен заң шығарушының қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысындағы ізгілендіру шаралары отандық ғылыми іздену жұмыстарында өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қылмыстық саясаттың әсерінен қылмыстық заңнамада жаңа идеялар мен ұғымдар орын алды. Кеңестік, қазақстандық

заңгерлердің іргелі ғылыми жұмыстарының нәтижесі түріндегі ҚР Қылмыстық кодексінің кейбір нормалары мен институттары шет мемлекеттердің қылмыстық кодекстерінде көрініс тауып үлгерді [2]. Десек те қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында күнделікті әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, құқықтық заңнамалардың ұдайы зерттеліп, жетілдіріліп отыруы заман талабы болмақ. Осы орайда, қазіргі отандық қылмыстық заңнаманы, атап айтсақ жауаптылықтан босату институтын зерттеудің маңызы ерекше. Қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату ұғымдары байланысты, десек те олар дара ұғымдар, аталған ұғымдарға заңнамада қалыптасқан нақты түсінік те жоқ.

Сонымен жоғарыда аталған жағдайлар қылмыстық жауапкершіліктен босатудың қылмыстық құқықтағы орнын анықтау тақырыптың өзектілігін айқындай түсері анық.

Бұл зерттеудің мақсаты - қылмыстық жазаны және баламалы әсер ету шараларын қолдану институтын талдап, зерттеу, қылмыстық жауаптылықтан босату түрлерін қолданумен байланысты теориялық және практикалық мәселелерді шешу, сондай-ақ заңнаманы және сот тәжірибесін жетілдіру бағытында нақты ұсыныстар жасау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдіснамасы жалпы және жеке-ғылыми әдіснаманың ережелерінің үйлесімінен құрылған. Жалпы ғылыми әдіснама қоғамдық қатынастардың дамуының объективті, әрі субъективті факторларын, себеп-салдарын зерттеуге бағытталады. Ал жеке ғылыми әдіснамадан формальды-заңи, салыстырмалы-құқықтық, қисындық, әлеуметтік, талдау және синтездеу сынды әдістер зерттеу барысында қолданылған.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық сипаты қылмыстық жауаптылықтың өзімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл ұғым жауаптылық босату мәселесін шешуге негіз болады [3].

Қылмыстық жауаптылық ұғымы ғылыми еңбектерде белесідей бағытта қаралады:

- тұлғаның міндеті ретінде;
- мемлекеттік айыптау, мәжбүрлеу ретінде,
- қоғамдық қатынас ретінде.

Қылмыстық жауаптылықтың түсінігіне қатысты келесідей пікірлер қалыптасқан, атап айтсақ:

- қылмыстық жауапкершілік тұлғаның жасаған қылмысы үшін қиыншылықтар мен азаптарға ұшырау міндеті ретінде ол айыпталушы жауапқа тартылған сәттен бастап туындайды және кейіннен сот үкімі түрінде түпкілікті жүзеге асырылады (Брайнин Я.М.) [4, 57 б.].

- бұл тұлғаның қылмыстық қауіпті әрекеттері үшін сотқа есеп беруі және кінәлі болған жағдайда лайықты түрде сотталуы мен жазаға тартылу міндетін білдіреді (Шнейдер М.А.) [5, 50-51 б.].

- бұл қылмыс жасалған сәттен бастап пайда болады және жазаны өтеумен аяқталады. Алайда іс жүргізу өндірісінде жауаптылыққа тарту қылмыстық қудалау өндірісінде басталып, үкім шығару сатысынан өтіп, оны орындаумен аяқталады (Н.С. Лейкин) [6, 9 б.].

- бұл адамның жасаған қылмысы үшін жауап беру міндеті, ал ретроспективті жауапкершілік мәселесінің құқықтық аспектісі этикалық аспектімен араласады [7, 40 б.].

- жауаптылық құқықтық қатынастары бұлтартпау шарасын таңдау кезінде емес, тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту кезінде де емес, соттың қылмыстық-құқықтық норманы (бір немесе бірнеше) қолдануы, айыптау үкімімен белгілі бір қылмысқа теріс баға берген және оны қылмыс жасаған адам деп таныған кезде туындайды.

Демек, қылмыстық жауапкершілік - бұл мемлекет атынан соттың қылмыс жасаған адамды соттауы мен кінәлауынан (порицание) басқа ештеңе емес, яғни белгілі бір әлеуметтік қауіпті әрекетті жасаған адамды қоғамдық мемлекеттік айыптау (айыптау, теріс бағалау) [8, 521 б.].

Қылмыстық заңмен көзделген қоғамға қауіпті әрбір іс-әрекет заң алдында жауап беруді қажет етеді, бұл қылмыстық саясаттың мақсаты. Десек те қылмыстық іс-әрекетке барған тұлға барлық уақытта қоғамға қауіпті, ал жасаған әрекеті ауыр зардаптар тудыра бермейді. Мемлекет қылмыстылықпен күресте әділеттілік, ізгіліктілік сынды қағидаттарды да ұстанады, сәйкесінше қылмыстық жазалау амалдарынан бөлек қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына жүгініп, қылмыс жасағаннан кейінгі қылмыскердің іс-әрекеттерінде қоғоамға қауіптілік анықталмаса мемлекет қылмыс жасаған адамды кешіре отырып, оның болашақта оның заңға бағынатын мінез-құлқына сенім білдіреді. Мұндай шаралар қылмыстық құқықтың даму тарихында әрқашан болған.

Қылмыстық заңда тыйым салатын нормалармен қатар, белігілі бір әрекеттерді ынталандыруға бағытталған нормалар да бар. Мұндай нормалар қылмыстық құқықта мадақтау нормалары деп аталады. Бұл нормалардың қолданылуы немесе қолданылмауы қылмыс жасаған адамның міңез- құлқына, яғни жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеп беру, мойындау немесе құндылықтар мен мінез-құлықтағы оң өзгерістерді көрсету сияқты әрекеттерге байланысты болады. Мадақтау нормаларының бір түрі қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату нормалары болып табылады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының әлеуметтік маңызы оның нормаларының профилактикалық маңызы зор екендігінде жатыр. Ол қылмыстық құқық бұзушының алда жаңа қылмыстық іс-әрекетке бармауына және оларды ынталандыратын компримиске келуіді көздейді.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтын құрайтын құқықтық нормалар қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ғана емес, сонымен бірге адамның саналы іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бұл институттың қалыптасуы мен дамуына әлеуметтік шындықтың көптеген факторлары айтарлықтай әсер етеді: мемлекеттік мүдделер, елдегі саяси күштердің арақатынасы мен тураланyы, құқықтық түсінудің психологиялық және моральдық аспектілері және т.б. Сондықтан мемлекетіміздің дамуының әртүрлі кезеңдерінде қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының мәні мен мақсаты туралы басқаша түсінік қалыптасты, ал бұл өз кезегінде заңнамадан орын алды.

«Қылмыстық жауаптылықтан босату» ұғымы *1958 жылдан* бастап кеңестік қылмыстық заңнамада, нақтырақ айтсақ КСРО мен Одақтас Республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздерінде нақты көрініс таба бастаған (ҚК 1960 жылғы 1 қаңтардан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болды). Ол кезде қылмыстық жауаптылықтан босату институты белсенді түрде дами бастады, қылмыспен күресте *қылмыстық-құқықтық құрал* ретінде емес, *қоғамдық ықпал ету шаралары* ретінде қолданылды.

ҚК-тің IV бөлімі «Жаза тағайындау және жазадан босату туралы» деп аталып, қылмыстық жауаптылықтан босатуға қатысты келесідей нормалар орын алды: 43,45,45-1,45-2,45-3,45-4 - баптар [9].

ҚазКСРО ҚК-нің 45-бабына сай, «қылмыс белгілері бар іс-әрекетті жасаған адам, егер тергеу немесе істі сотта қарау кезінде жағдайдың өзгеруіне байланысты ол жасаған іс-әрекет өзінің сипатын жоғалтқаны немесе бұл адам қоғамға қауіпті болудан қалса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Егер қылмыс жасаған адам кейіннен мінсіз мінез-құлқы мен жұмысқа деген адал көзқарастың салдарынан бұл адам іс сотта қаралғанға дейін қоғамға қауіпті болып саналмайды деп танылса, сот үкімімен жазадан босатылуы мүмкін [9].

КСРО мен Қазақ КСР заңнамаларында тұлға қоғамға үлкен қауіп төндірмесе, қылмыстық жазалау шараларынсыз оны түзету мүмкін болса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады және де сәйкес келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы;

2) іс материалдарын жолдастық соттың қарауына беру туралы;

3) іс материалдарын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі момиссияға беру туралы;

4) адамды қоғамдық ұйымға немесе еңбек ұжымына кепілге беру туралы» [9]. Байқап отырғанымыздай, қылмыс жасаған адамның кейіннен қоғамға қауіптілігінің жойылуы, жағдайдың өзгеруі жауаптылықтан босатудың жалпы шарты болып саналады.

1997 жылғы ҚК-тің «Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату» атты бөлімінде келесідей нормалар қарастырылды: шын өкінуіне байланысты (65-бап), қажетті қорғану шегінен асқан кезде (66-бап), татуласуға байланысты (67-бап), жағдайдың өзгеруіне байланысты (68-бап), ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (69-бап), ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (73-бап) [10].

2014 жылғы қылмыстық заңнамада қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату жеке бөліммен қаралып, түрлеріне қатысты өзгерістер бар.

Ғылыми еңбектерде қылмыстық жауаптылықтан босатудың жекеленген түрлері (жәбірленушімен татуласуына, белсенді түрде өкінуіне, қылмыс жасағаннан кейінгі ескіру мерзімінің өтуіне орай қылмыстық жауаптылықтан босату) өзге де ықпал ету шарасы ретінде (В.Ф. Ширяев) [11, 67 б.], ал Ф.К. Набиуллин [12, 25 б.]), қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қатарында қарастырады.

Аталған пікірдің мәнін түсіне алу үшін алдымен осы ұғымды ашсақ.

Өзге де ықпал ету шараларының анағұрлым толық анықтамасын С.А.Боровиковтың еңбегінен кездестіреміз, ол өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары деп қылмыстық жауапкершілік саласында да, оның шегінен тыс жерлерде де қолданылатын, арнайы әдістері мен мақсаттарға ие, сонымен қатар қылмыстардың алдын алуға ықпал ететін қылмыстық-құқықтық шаралардың ерекше типін түсінеді. Сот оларды қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасаған және белгілі бір жас немесе психологиялық қасиеттерге ие адамдарға мәжбүрлеп тағайындайды [13, 37 б.].

Автор аталған ұғымға берген түсінігінде өзге де қылмыстық ықпал ету шараларының белгілерін, оны пайдаланатын субъектілерді, пайдалану негізін анық көрсетеді.

Алайда, «ықпал етудің арнайы әдістері мен мақсаттарына» сілтеме жасау шарт емес-ті, өйткені қылмыстық мәжбүрлеудің барлық шараларында ықпал етудің нақты әдістері қолданылады [13, 37 б.].

Осы тұста С.М.Рахметовпен ұсынылған өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тізімі нақтырақ деп есептейміз:

- тәрбиелеу саласындағы мәжбүрлеу шаралары;
- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралар;
- мүлікті сотқа дейін тәркілеу;
- мәжбүрлі төлем;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар қою [14].

ҚК-текстінде «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» ұғымы екі рет қана қолданылады: сол бөлімнің атауында және ҚК-тің 2-бабында – жауаптылыққа тартқанда қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тағайындалатынын көрсеткен жағдайда. ҚК-тің 7-бөлімінің атауына назар аудара отырып, заң шығарушының медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының түрі ретінде емес, тек аталған екі ұғымның байланысын көрсететінін байқаймыз. Сондай-ақ мәжбүрлі төлем және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жүріс-тұрысына ерекше талаптар белгілеуді өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасына жатқызған.

ҚР ӘҚБтК-нің 6-тарауының (Әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары) 52-бабында әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасының құқық бұзушылық жасаған адамның жаңасын жасамау мақсатында қолданылатынын [15] айта отырып, түрлерін бөліп көрсетеді. Бұл тізімнің қатарында жүріс-тұрысқа ерекше талаптар қою бар. Заң шығарушы ҚР ӘҚБтК-те «әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары», «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп аталып, қолданылу функциялары құқық бұзушыға жазадан бөлек әсер ету болады.

Ресей заң шығарушысы РФ ҚК-нің VI бөлігін «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деп атап, оның түрлері ретінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын, мүлікті тәркілеуді, сот шығынын [16] қарастырады. Алайда, өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының түрлері тек осылармен шектелмейді.

ҚР ҚК-гі қылмыстық жауаптылықтан босату жөніндегі нормаларда жауаптылықтан босатудың негіздеріне қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға онша қауіпті болмауын, сондай-ақ салыстырмалы түрде алғанда кінәлінің қауіптілік деңгейінің төмендігін алғанын байқаймыз.

Яғни, бұрынғы қоғамға қауіптілігін жоғалтқан тұлғаның қылмыстық жауаптылығын жүзеге асырудың қажет болмауы, соның салдарынан бұл тұлға сотталмай және жаза қолданбан-ақ түзелуі мүмкін (оның сот үкімінде мемлекет тарапынан сотталуы).

Құқық қорғау органдарының қылмыстарды ашу мен тергеудегі тәжірибесі көрсеткендей, кейбір тұлғалар құқық қорғау органдарымен ынтымастыққа бармайды немесе оған қарсы тұрады. Бұл жағдай құқық қолданушыларды әлеуметтік тұрғыдан маңызды нәтижелердің арасында таңдау жасауға мәжбүр етеді. Бірақ бүгінгі күнге дейін мұндай таңдау мүмкіндігі заңмен толық реттелмеген, бұл үлкен қиындықтар туғызуда. Бұл мәселені шешу үшін заң шығарушы қылмыстық саясаттың, материалдық құқықтың нормалары мен институттарын қайта қарауды, елде қылмысқа қарсы күреске бағытталған компромисс идеясын енгізуді мақсат етті [17].

Заң шығарушы компромисс институтын пайдалана отырып, қылмыстық құқықтық сипаттағы мынадай міндеттерді шешуді көздеді:

- қылмыстық репрессияны шектеу және қоғамда сотталғандардың үлесін азайту;
- құқық қорғау органдарын ұстауға жұмсалатын материалдық шығындарды қысқарту;
- жазалау орындарын босату, өйткені мемлекет қазіргі уақытта оларда жатқан тұлғаларға қажетті ең төменгі жағдайларды қамтамасыз етуге қабілетсіз;
- қылмыстық істердің сотқа жолдануын азайту, айыптау қорытындысымен жіберілетін істердің санын төмендету, осылайша соттың жұмысын жеңілдету;
- тергеу мерзімін қысқарту, қылмыстарды анықтау мен тергеуге жұмсалатын күштер мен қаражатты азайту;
- қайталанушы қылмыс деңгейін төмендету, сотталғандар мен жазасын өтейтіндер санының азаюы арқылы;
- құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жасаған зиянды өз еркімен жоюға немесе жеңілдетуге ынталандыру, олардың құқық қорғау органдарымен ынтымақтастыққа келісу;
- қылмыстық топтардың мүшелерін құқық қорғау органдарымен ынтымақтасуға тарту;
- азаматтарды қылмыстық әрекеттен қорғау, әсіресе олардың өмірі мен денсаулығы кінәлі адамның шешімдеріне тәуелді болса;
- қоғамдық өмірдің жеке салаларында, оның ішінде отбасылық және тұрмыстық қатынастарда құқық қорғау органдарының араласуын шектеу, бұл қадам көбінесе мемлекет тарапынан артық болып табылады.

Бұл мақсаттар қылмыстық құқық қолдаушыларға қылмыспен күресте жиі қолданылатын стандартты емес әдістерді қабылдауға мүмкіндік беретін компромисс идеясында негізделген [18]. Алайда, заң шығарушы бұл мәселелерді толығымен шешуге толық қол жеткізе алған жоқ. Бұл негізінен концептуалдық қателіктер мен редакциялық қателердің салдары. Осы себепті қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының антикриминогендік әулеті толық жүзеге аспай жатыр.

Қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешім қабылдау үшін қылмыстың ауырлық деңгейі, қылмыскердің жеке басы ескеріледі. Бұл тұлға қоғамға қауіпі үлкен емес, оның мінез-құлқы теріс емес, қоршаған ортаға теріс ықпал етпейді деген қорытындыға келе отырып, оны жазаламайды, яғни бас бостандығынан айыру түріндегі санкцияларды, сондай-ақ қылмыстық сипаттағы басқа шараларды қолданбайды. Мұнда уәкілетті орган (құқық қорғау органдары,

сот) қылмыстық іс-әрекет жасаған адамға өз қателіктерін түзетуге және қоғамға деген көзқарасын өзгертуге, яғни заңды бұзбай, дұрыс өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді.

Тұлғаны қылмыстық жауаптылықтан босату барысында бұл өкілеттілікке соттан басқа алдын ала тергеу органдары қызметкерлері де ие. Мысалы, ҚК-тің 68-бабымен қараластырылғандай, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі жәбірленушімен, арыз берушімен медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе алдын ала тергеуде де, сотта да қылмыстық жауаптылықтан босатыла алады. Ал енді шынайы өкінуіне байланысты сыбайлас жемқорлық қылмысын алғаш рет жасаған тұлғаны тек қана сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін (ҚК-нің 65-бабы).

Қылмыстық жауапкершіліктен босату, қылмыстық жауапкершілікті дифференциациялаудың түбегейлі құралы болып табылады [19, 76 б.] деп пайымдайды А.В.Ендольцева.

«Қылмыстық жауапкершіліктен босату» мен «қылмыстық жазадан босату» ұғымдары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Заң шығарушы отандық ҚК-тің 5-бөлімінде қылмыстық жауаптылықтан босату мен қылмыстық жазадан босатуға бір тарау арнайды. Мысалы, РФ ҚК-де олар екі бөлек тарауда көзделген.

Бұл ұғымдар төмендегі жағдайларға қатысты ажыратылады:

- қылмыстық жазадан тек сот қана босата алады;
- қылмыстық жауапкершіліктен босату қылмыстық іс жүргізу кезеңдерінде, айыптау үкімі шыққанға дейін жүзеге асырылады, әрі қарай тек жазадан босатуға болады.

Қылмыстық жазадан босату - гуманизмнің көрінісі, сондықтан оны адамның қатыгездігі мен варваризмге ұшырауына әкелетін актіге айналдырмауымыз керек.

М.Х.Рустамбаевтың пайымдауынша, «қылмыстық жауаптылық және жазадан босату ұғымдары бір-бірінен мазмұны бойынша ерекшеленеді: қолдану негізі және норманы қолданатын субъектісі бойынша. Қылмыстық жауапкершіліктен босату, әдетте, әлеуметтік тәуекелі және аса ауыр емес төмен қылмыс жасаған адамдарға ғана қолданылады, қылмыстық жазадан босату қылмыс санатына аса қатты байланысты емес. Екіншіден, субъектіге байланысты күдікті, айыпталушы және сотталған адам қылмыстық процеске қатысушымен қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Тек сотталған адам, сондай-ақ сот үкімі өзіне қатысты шығарылған адам ғана қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін» [20, 56 б.].

М.Усманалиев қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босатуға төмендегідей түсінік береді: Қылмыстық жауапкершіліктен босату - қылмыс жасағаны үшін айыпты деп танылған тұлғаны жауапқа тарта отырып, оған жаза қолданбау. Жазадан босату - бұл жауапкершілікке тартылатын кінәлі тұлғаға жаза тағайындап, жазаны өтетпеу, босату немесе жазаның белгілі бір бөлігін өтеттіріп, жазадан босату процесі [21, 23 б.].

Заң шығарушы қылмыстық жазадан босату негіздеріне кепілгерліктің белгіленуін (ҚР ҚК-нің 69-бабы), ауыр жағдайдың тоғысуы салдарын (76-бап), айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуін (77-бап), рақымшылық немесе кешірім жасау актісін (78-бап) жатқызады [22].

Сондай-ақ қылмыстық заңнамамен қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін көптеген нормалар үшін ортақ бірыңғай (жалпы) шарттар белгіленген. Мысалы, жауаптылықтан босатудың жалпы шарты ретінде шынайы өкінуді (ҚР ҚК-нің 65-бабы), қажетті қорғаныс шегінен шығуды (66-бап), процестік келісімнің талаптарын орындауды (67-бап), кінәні мойындау және заңсыз иемденілген активтерді қайтару туралы процестік келісімнің шарттарын орындауды (67-1-бап), тараптардың татуласуын (68-бап), кепілгерлікті белгілеуді (69-бап), жағдайдың өзгеруін (70-бап), ескіру мерзімінің өтуін (71-бап) келтірсек болады [22].

Бұл негізінен құқық қолдану тәжірибесінің талаптарымен байланысты, сондай-ақ заң шығарушының қылмыстық жазаның әлеуметтік маңызы мен қылмыс жасаған адамдардың жауапкершілігін қайта бағалауының нәтижесі.

РФ заң шығарушысы 2024 жылы ҚК-ке 78.1-бапты (Жұмылдыру кезеңінде немесе соғыс уақытында әскери қызметке шақырылуына немесе жұмылдыру кезеңінде, әскери жағдай кезінде немесе соғыс уақытында әскери қызметке келісімшарт жасасуына байланысты, сондай-ақ көрсетілген кезеңдер немесе уақыттарда әскери қызметті атқаруына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату) [23] енгізіп, қылмыстық жауаптылықтан босату түрлерін толықтырды.

Кезекті маңызды мәселелердің бірі – *қылмыс жасағаннан кейін туындаған зиянды өтеуі* болып табылады. Қылмыстық іс-әрекеттің жасалу жолдары, онан келетін зардаптар сот тәжірибесінде сан түрлі, сәйкесінше оларды өтеу жолдары да әрқилы. Сондықтан сот әрбір жағдайды жеке қарап, қылмыс жасаған тұлғаның қоғамға келтірген зиянын азайтуға бағытталған әрекеттерін анықтайды. Қылмыстық жауапкершіліктен босатылған тұлға материалдық залал немесе заңгерлік қызметтерге кеткен шығындарды көбіне өтей алмайды, себебі заң шығарушы оны заңсыз әрекет жасаған тұлға ретінде таниды. Сонымен бірге, заң шығарушы бұл тұлғаның азаматтық талаппен зиянды өтеу міндетінен босатылмайтынын атап өтеді.

Заң шығарушы қылмыстық жазаның мақсаттарына жазалау амалдарын қолданбай да қолжеткізуді көздейді. Бұл механизм алдын алу функциясын атқарып, болашақта ұқсас немесе ауыр қылмыстар жасауға жол бермеуге тырысады. Сонымен қатар, ол қылмыстан келген зиянды тиімді түрде өтеуге көмектесіп, латентті қылмыстарды ашуға ықпал етеді, мысалы, парақорлық немесе есірткі құралдарын заңсыз сатып алу сияқты қылмыстарды.

Заң шығарушы орган ҚР Қылмыстық кодексінде белгіленген *ескіру мерзімдердің өтуі* қылмысты жасаған күннен бастап, тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартудың қажетсіз болатынын атап көрсетеді. Бұл жағдайда жазаның тиімділігі, оның қолданғанға дейінгі уақытқа байланысты екенін түсіну маңызды, себебі уақыт өткен сайын жазалаудың алдын алу мақсаттары іске аспайды. Қылмыс жасалғаннан көп уақыт өткенде, қылмысты жасаған тұлға анықталмаса, қылмыстың қауіптілігі азаяды, ол қауіпті емес болып қалады.

Бұл мерзімдер қылмыс жасаған күннен басталады. Яғни, формальды және материалды қылмыс құрамында мерзімдер қылмыс жасалған күннен бастап есептеледі. Созылмалы қылмыстарда ескіру мерзімін есептеу соңғы қылмыстық іс-әрекет жасалғаннан басталады [24, 75 б.]. Қылмысқа сыбайлас қатысушылардың рөлдеріне қарай ескіру мерзімдері әртүрлі есептеледі. Тергеуден, соттан бой тасалап жүрген жағдайда ескіру мерзімін есептеу тоқтатылады. Заң шығарушы осындай жағдайда тұлғаның жауапкершіліктен босатылуына мүмкіндік бермейді, себебі бұл оның кінәсін мойындамау және қылмысы үшін өкініш білдірмеу арқылы қоғамға қауіптілігін көрсететінін білдіреді.

Заң шығарушы белгілеген нақты шарттар жауаптылықтан босатудың жекелеген түрлерін ғана ажыратады, мұндай босатудың негізіне қылмыс жасаған адамға қатысты сот үкімінде қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың орынсыздығы, қылмыстық құқық бұзушыны жауаптылыққа тартпай, жазаламай-ақ түзету мүмкін болуы жатады. Жоғарыда айтылғандай, мұндай орынсыздық қылмыс жасаған адамның бұрынғы қоғамға қауіптілігін жоғалтуы болып табылады.

Қылмыстық топ ұйымдастырушылары мен басқа да белсенді қатысушыларды әшкерелеуге мүмкіндік беретін куәлік ету арқылы тұлғаның бұрынғы қылмыстары ескерілмей, жауапкершіліктен босауына жол ашылады. Осыған орай, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің кейбір баптарында бұрын жасаған қылмыстары үшін реабилитация институтының енгізілуі маңызға ие, егер олар ерекше ауыр зардаптарға немесе маңызды мәнге ие болса және кінәлі тұлғалар құқық қорғау органдарымен ынтымақтасуға өз еркімен барады.

Сот практикасында қылмыстардың қайталану жағдайын зерделеу барысында жазаның мақсатына, нақтырақ айтсақ, сотталғандардың түзелуіне қолжеткізу мүмкіндігі төмен болатынын ескеріп, құқық бұзушы *өз ісінің заңға қайшылығын түсініп, жауапкершілікті сезіне алуын* жалпы қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешім шығарудың негізгі шартына айналдыруды ресми рәсімдеген жөн еді.

Сонымен қатар, сот практикасында жалпы шарттардан басқа, қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін нақты нормаға ғана тән арнайы (ерекше) шарттарды да анықтау маңызды. Оларға мыналар жатады: ҚК-тің 118-бабының 1,2-бөліктерінде (жәбірленушінің АИТВ жұқтырылу қаупіне өз еркімен келіссе; қылмыскердің жеке басының қауіптілігінің салыстырмалы түрде төмендеуі, не төмендігі:); 125-бапта (ұрлаған адамды өз еркімен босатса); 175-бапта (мемлекетке опасыздық жасаған адам өз еркімен хабарласа, өзгеше ықпал етсе); 182-бапта (экстремистік әрекетті өз еркімен тоқтатса); 214-баптың 1-бөлігінде (алғаш рет заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық, коллекторлық қызмет етуі, өз еркімен шығынды өтеуі); 217-бапта (қаржылық пирамиданың басшысының, не қатысушысының қылмыстық іс-әрекеті жайлы құқық қорғау органына өз еркімен хабарлауы, көмектесуі); 218-баптың 1-бөлігінде (қылмыстық жолмен алынған заттарды жылыстату жайлы өз еркімен хабарлауы); 218-1-баптың 1,2-бөліктерінде (заңсыз иемденген активтерді мемлекет кірісіне айналдыруды жасыру, оларды заңдастыру туралы өз еркімен хабарлау); 221-бапта (монополистік қызметті алғаш рет жасап, щығынын өз еркімен өтеуі); 222-бапта (тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын алғаш рет заңсыз пайдаланып, одан келген шығынды өтесе); 236-баптың 1-бөлігінде (кедендік баж, алым, салықты, өтемақы бажды өз еркімен өтесе); 244-бапта (азаматтың салық, бюджеттік төлемді, өсімпұлды өз еркімен өтеуі); 245-бапта (ұйымдардың салықты, басқа міндетті төлемдерді өз еркімен төлеуі); 253-баптың 1,2-бөліктерінде (параға сатып алушы әрекетті өз еркімен жасамаса, не өз еркімен хабарласа; сондай-ақ алдын ала уағдаласусыз құны 2АЕК-тен төмен сыйлықты алса); 255-бапта (террорист уақытылы хабарласа, болғызбауға әсер етсе); 258-бапта (терроризмге, экстремизмге қаржы беру өз еркінен тыс болса, не өз еркімен мәлімдесе); 260,261,262, 263,264,265, 268,266,267, 287, 288-баптарда (заңсыз жасаған қаруын өз еркімен құқық қорғау органына тапсыру); 296-бапта (есірткі, психотропты, сол тектес заттармен өткізу үшін емес, заңсыз жұмыс жасаған адамның оларды өз еркімен өткізуі, осындай қылмысты ашуға көмектесу); 347-бапта (дол көлік оқиғасы болған жерден жәбірленушіге көмектесу үшін кетіп қалу); 367-бапта (еркінен тыс параны берсе, не пара бергені туралы өз еркімен хабарласа); 387-бапта (әскерге шақырылған адам өз еркімен тергеп-тексеру органы істі сотқа істі бергенше әскерге оралса); 405-бапта (экстремизм, терроризмді жүзеге асыруға байланысты қоғамдық, діни ұйымның қызметіне сот шешімінен қызметін жұйымдастыру, атқаруды өз еркімен тоқтатса); 426-баптың 1-бөлігінде (б.б.а., қамаққа алу, күзетпен ұстау орнынан қашқан күннен бастап 7 күнде өз еркімен қайтса); 441-бапта (ауыр жағдайлардың орын алуына орай әскери қызметшінің бөлімді, не қызмет орнын өз бетімен тастап кету); 445-баптың 1-бөлігінде; 446-баптың 1-бөлігінде; 447, 448,453-баптарда [22]. Аталған нормалардың барлығында қылмыстық құқық бұзушы субъектінің іс-әрекетінде жеңілдететін мән-жайлар кездеседі, яғни қылмыстық іс-әрекеттен кейін оның қоғамға қауіптілігі төмендейді, не оның қылмыстық іс-әрекетіне сырттай ықпал етеді, не жәбірленуші қарсылық білдірмейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық заңнамасы мен құқық қолдану тәжірибесін талдау қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының қолданылауына қатысты нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық жауапкершіліктен босату - бұл қылмыстық-құқықтық қатынас субъектілерінің құқықтық жағдайларының жүзеге асырылуы мен осы қатынастың тоқтатылуының ерекше формасы. Жауаптылықтан босатудың мәні құқық қорғау органдарының қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық мәжбүрлеу шараларын қолданудан және мемлекеттің атынан соттың қылмыскерді жазалаудан бас тартуында жатыр. Бұл шаралар жасалған қылмыс немесе құқық бұзушылықтың заңды салдары ретінде қарастырылады.

Қылмыстық жауапкершіліктен босату институтының алдын алу маңызына ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл институттың жүзеге асырылуы практикалық тұрғыда келесідей көрінеді: қылмыс жасаған адам өкінеді, жәбірленушімен татуласады, жағдай түбегейлі өзгереді, мүмкін, мерзім өтіп кетеді – осындай және ұқсас жағдайлар қылмыстық-құқықтық қатынастардың тоқталуына және олардың құқықтық салдарының аяқталуына әкеледі.

Сот та, құқық қорғау органының қызметкері де кінәліні қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде, ең алдымен, бұл қылмыс жасаған адамның оң мінез-құлқымен бұрынғы қоғамға қауіптілігінің жоғалтуы басты назарға алынуы керек. Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын күшейту мақсатында қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдардың мінез-құлқын белгілі бір уақыт бойы бақылауды қамтамасыз ететін қосымша міндеттерден тұратын арнайы ереже енгізген жөн болар еді.

Авторлардың қосқан үлесі

Барлық авторлар зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, зерттеуді жүргізуге және мақаланы дайындауға елеулі үлес қосты:

Байзакова Р.Б. ғылыми әдебиеттерге шолу жасап,«Материалдар мен әдістер» және «Қорытынды» бөлімдерін дайындады.

Бижанова А.Р. зерттеудің жалпы дизайнын әзірлеп, мәселені талдады, «Нәтижелер мен талқылау» бөлімін дайындады.

Жайлау Ж. аннотацияны дайындады, «Қорытынды» бөлімін жазып, библиографиялық тізімді рәсімдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Хохряков Г.Ф. Наказание в виде лишения свободы: оценка эффективности // Советское государство и право, 1989. - №2. - С. 187-194.*

2 *Жевлаков, Э.Н. Назначение наказания: Учебное пособие / Э.Н. Жевлаков. - Москва: Огни, 2019. - 84 с.*

3 *Понятие освобождения от уголовной ответственности // [Электрон. ресурс]. - URL: https://stud.kz/ru/referat/show/ 127378*

4 *Филимонов В.Д. Общественная опасность личности преступника. - Томск. 1979. - 249 с.*

5 *Осипов П.П. Теоретические основы построения и применения уголовно-правовых санкций. - Л., 1976.- С. 50-57.*

6 *Брайнин Я.М. Уголовная ответственность и ее основание в советском уголовном праве. - М.,1963. – 25 с.*

7 *Загородников Н.И. О содержании уголовно-правовых отношений // Сов.гос-во и право. - 1963. - №11. – С.86-93.*

8 *Сборник постановлений Пленума Верховного Суда СССР. 1924 – 1986.- М., 1987. - С. 521.*

9 *Уголовный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 г. (с изменениями и дополнениями) Утратил силу [Электрон. ресурс]. - URL: https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=1004273&pos=284;-36#pos=284;-36*

10 *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Күшін жойған. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №167 Кодексі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V Кодексімен [Электрон. ресурс]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_*

11 *Ширяев В.Ф. Наказание в системе мер уголовно-правового воздействия: теория и практика. - Вологда, 2004. - 146 с.*

12 *Набиуллин Ф.К. Карательные и некарательные меры в уголовном праве России // Юридический мир. - 2007. - №8.– С. 18 - 26.*

13 *Донец С.П., Герасимова Е.В., Петрова И.А. Назначение наказания в уголовном праве: курс лекций. - Моск. гос. юрид. ун-т им. О.Е. Кутафина (МГЮА), Сев.-Зап. ин-т (филиал) ун-*

та имени О.Е. Кутафина (МГЮА). – Вологда: Фонд развития филиала МГЮА имени О. Е. Кутафина в г. Вологде, 2019. – 184 с.

14 Рахметов С.М. Иные меры уголовно-правового воздействия [Электрон. ресурс]. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39299745&pos=4;-70#pos=4;-70

15 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ [Электрон. ресурс]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235

16 Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 №63-ФЗ (ред. от 21.04.2025) (с изм. и доп., вступ. в силу с 02.05.2025) [Электрон. ресурс]. - URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/

17 Baizakova R.B., Mavlyanov A.S., Rakhimzhanova G.M. The effectiveness of punishment and alternative measures of influence in the conditions of market and economic development // Сборник научных статей в издательстве E3S Web of Conferences (Франция), 107, 04022 (2024). [Электрон. ресурс]. - URL: https://www.researchgate.net/publication/380398399_The_effectiveness_of_punishment_and_alternative_measures_of_influence_in_the_context_of_water_resources_management_in_the_national_economy/DOI: 10.1051/bioconf/202410704022.

18 Zhang, Y., Zhao, J.S., Lin, C.-H. A Link Between the George Floyd Incident and De-Policing: Evidence from Police Arrests Across Three Racial and Ethnic Groups, Police Quarterly, 2024. Vol. 27(4). – С.475-504.

19 Ендольцева А.В. Утрата лицом своей прежней общественной опасности как условие освобождения от уголовной ответственности // Юристъ-Правоведъ, 2016.- №6 (79). - С.73-78.

20 Rustamboyev M.H. Jinoyat huquqi (umumiy qism). Oliy o'quv yurtlari uchun darslik. -T.: TDYI nashriyoti, 2006. - 403 b.

21 Усмоналиев М. Жиноят ҳуқуқи. Умумий қисм. Олий ўқув юртлари учун дарслик. -Т., «Янги аср авлоди», 2005. - 256 б.

22 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. [Электрон. ресурс]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/k14226_.htm

23 Федеральный закон от 23.03.2024 N 64-ФЗ «О внесении изменений в Уголовный кодекс Российской Федерации и Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации» [Электрон. ресурс]. - URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_472777/3d0cac60971a511280cbba229d9b6329c07731f7/#dst100009

24 Аршинов А.С. О некоторых аспектах прекращения уголовного дела или уголовного преследования в связи с назначением судебного штрафа / А.С. Аршинов // Вестник СевКавГТИ. – 2016. – Т. 1.- №4(27). – С. 75-77.

References:

1 Hohrjakov G.F. Nakazanie v vide lishenija svobody: ocenka jeffektivnosti // Sovetskoe gosudarstvo i pravo, 1989. - №2. - S. 187-194.

2 Zhevlakov, Je. N. Naznachenie nakazanija: Uchebnoe posobie / Je.N. Zhevlakov. - Moskva: Ogni, 2019. - 84 c.

3 Ponjatie osvobozhdenija ot ugolovnoj otvetstvennosti // [Jelektron. resurs]. - URL: https://stud.kz/ru/referat/show/ 127378

4 Filimonov V.D. Obshhestvennaja opasnost' lichnosti prestupnika. - Tomsk. 1979. - 249 s.

5 Osipov P.P. Teoreticheskie osnovy postroenija i primenenija ugolovno-pravovyh sankcij. - L., 1976.- S. 50-57.

6 Brajnin Ja.M. Ugolovnaja otvetstvennost' i ee osnovanie v sovetskom ugolovnom prave. - M.,1963. – 25 s.

7 Zagorodnikov N.I. O soderzhanii ugolovno-pravovyh otnoshenij // Sov.gos-vo i pravo. - 1963. - №11. – S.86-93.

8 Sbornik postanovlenij Plenuma Verhovnogo Suda SSSR. 1924 – 1986.- M., 1987. - S. 521.

9 Ugolovnyj Kodeks Kazahskoj SSR ot 22 ijulja 1959 g. (s izmenenijami i dopolnenijami) Utratil silu [Jelektron. resurs]. - URL: https://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=1004273&pos=284;-36#pos=284;-36

10 Қazaқstan Respublikasynyң Қylmystyқ kodeksi. Kүshin zhojғan. Қazaқstan Respublikasynyң 1997 zhylғy 16 shildedegi №167 Kodeksi. Kүshi zhojyldy - Қazaқstan Respublikasynyң 2014 zhylғy 3 shildedegi №226-V Kodeksimen [Jelektron. resurs]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970000167_

11 Shirjaev V.F. Nakazanie v sisteme mer ugolovno-pravovogo vozdejstvija: teorija i praktika. Vologda, 2004. - 146 s.

12 Nabiullin F.K. Karatel'nye i nekaratel'nye mery v ugolovnom prave Rossii // Juridicheskij mir. 2007. №8.– S. 18 - 26.

13 Donec S.P., Gerasimova E.V., Petrova I.A. Naznachenie nakazanija v ugolovnom prave: kurs lekcij. - Mosk. gos. jurid. un-t im. O.E. Kutafina (MGJuA), Sev.-Zap. in-t (filial) un-ta imeni O.E. Kutafina (MGJuA). – Vologda: Fond razvitija filiala MGJuA imeni O. E. Kutafina v g. Vologde, 2019. – 184 s.

14 Rahmetov S.M. Inye mery ugolovno-pravovogo vozdejstvija [Jelektron. resurs]. - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39299745&pos=4;-70#pos=4;-70

15 Әkimshilik құқuқ bұzushylyқ turaly Қazaқstan Respublikasynyң Kodeksi 2014 zhylғy 5 shildedegi №235-V ҚRZ [Jelektron. resurs]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ K1400000235

16 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii ot 13.06.1996 №63-FZ (red. ot 21.04.2025) (s izm. i dop., vstup. v silu s 02.05.2025) [Jelektron. resurs]. - URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/

17 Baizakova R.B., Mavlyanov A.S., Rakhimzhanova G.M. The effectiveness of punishment and alternative measures of influence in the conditions of market and economic development // Sbornik nauchnyh statej v izdatel'stve E3S Web of Conferences (Francija), 107, 04022 (2024). [Jelektron. resurs]. - URL: https://www.researchgate.net/publication/380398399_The_effectiveness_of_punishment_and_alternative_measures_of_influence_in_the_context_of_water_resources_management_in_the_national_economy/DOI: 10.1051/bioconf/202410704022.

18 Zhang, Y., Zhao, J.S., Lin, C.-H. A Link Between the George Floyd Incident and De-Policing: Evidence from Police Arrests Across Three Racial and Ethnic Groups, Police Quarterly, 2024. Vol. 27(4). – S.475-504.

19 Endol'ceva A.V. Utrata licom svoej prezhnej obshhestvennoj opasnosti kak uslovie osvobozhdenija ot ugolovnoj otvetstvennosti // Jurist#-Pravoved#, 2016.- №6 (79). - S.73-78.

20 Rustamboyev M.H. Jinoyat huquqi (umumiy qism). Oliy o'quv yurtlari uchun darslik. -T.: TDYI nashriyoti, 2006. - 403 b.

21 Usmonaliev M. Zhinojat ҳuқuқn. Umumij қism. Olij ўқuv jurtlari uchun darslik. -T., «Jangi asr avlodi», 2005. - 256 b.

22 Қazaқstan Respublikasynyң Қylmystyқ kodeksi Қazaқstan Respublikasynyң Kodeksi 2014 zhylғy 3 shildedegi №226-V ҚRZ. [Jelektron. resurs]. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/k14226_.htm

23 Federal'nyj zakon ot 23.03.2024 N 64-FZ «O vnesenii izmenenij v Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii i Ugolovno-processual'nyj kodeks Rossijskoj Federacii» [Jelektron. resurs]. - URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_472777/3d0cac60971a511280cbba229d9b6329c07731f7/#dst100009

24 Arshinov A.S. O nekotoryh aspektah prekrashhenija ugolovnogo dela ili ugolovnogo presledovanija v svjazi s naznacheniem sudebnogo shtrafa / A.S. Arshinov // Vestnik SevKavGTI. – 2016. – T. 1.- №4(27). – S. 75-77.